



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ  
№ 6 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І  
2014 жылғы 13 ақпан**

***Қолма-қол шетел валютасы нарығындағы  
ахуалдың мониторингі туралы***

Айырбастау пункттерінің үздіксіз жұмыс істеуін және олардың халықпен жүргізілетін операцияларда алыпсатарлығына жол бермеу мақсатында ҚР Ұлттық Банкі және оның аумақтық филиалдары қолма-қол шетел валютасының ішкі нарығындағы ахуалдың мониторингін тұрақты түрде жүзеге асырып отыр.

2014 жылғы 13 ақпанда ҚР Ұлттық Банкінің Төрағасы Қ.Н. Келімбетов Қазақстанның өңірлері бойынша жүргізілетін мониторингтің барысы мен нәтижелері бойынша ҚР Ұлттық Банкі аумақтық филиалдары директорларының қатысуымен селекторлық кеңес өткізді.

2014 жылғы 13 ақпандағы сағат 11:00-дегі жағдай бойынша айырбастау пункттерінің негізгі айналымын қамтамасыз ететін валюталар – АҚШ доллары мен еуро бағамдарының ахуалы негізінен қалпына келді. Теңгеге АҚШ долларын сатып алу және сату бағамдарын айырбастау пункттері ҚР Ұлттық Банкі ішкі валюта нарығындағы операциялар үшін мәлімдеген дәліз шегінде белгілеуде. Бүкіл өңірлердің айырбастау пункттерінде АҚШ доллары бойынша сатып алу бағамы мен сату бағамы арасындағы айырма 2 теңгеден, ал еуро бойынша 3 теңгеден аспайды.

ҚР Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдарында «жедел желілер» ашылды, онда азаматтар айырбастау пункттері жұмысының бұзылуы анықталған кезде өтініш білдіре алады. Жеке тұлғаның айырбастау пункттері жұмысы бойынша шағымның болуы жоспардан тыс тексеру жүргізу үшін негіз болып табылады, ҚР Ұлттық Банкінің тиісті аумақтық филиалына жіберілген шағымның нысаны міндетті түрде әрбір айырбастау пунктінде болады.

Кеңесте АҚШ долларын және еуроны сатудың айырбастау пункттері 2014 жылғы 13 ақпанда таңертеңгі сағат 10-ға белгілеген ең жоғары бағамдары бойынша мониторингтің нәтижелері аймақтар бойынша ұсынылды. Республика бойынша АҚШ долларын теңгеге сатудың ең жоғары бағамы Павлодар облысында (187 KZT/USD), еуро бойынша Шығыс Қазақстан облысында (260 KZT/EUR) тіркелді.

ҚР Ұлттық Банкі Қазақстанның өңірлері бойынша қолма-қол шетел валютасы нарығындағы ахуалды қадағалауды жалғастырады. Мониторинг нәтижелері бойынша жедел ақпарат ҚР Ұлттық Банкінің баспасөз релиздерінде беріледі.

**Қазақстанның өңірлері бойынша АҚШ долларын және еуроны теңгеге сатудың ең жоғары бағамдарына мониторинг нәтижелері**

**2013 жылғы 13 ақпандағы сағат 11:00-дегі жағдай бойынша**

№	Облыс	USD сатудың ең жоғары бағамы		EUR сатудың ең жоғары бағамы	
		Уәкілетті банктер	Уәкілетті ұйымдар	Уәкілетті банктер	Уәкілетті ұйымдар
1	Ақмола облысы	185,80	186,50	253,50	253,00
2	Ақтөбе облысы	185,80	185,00	253,90	254,20
3	Алматы облысы	185,80	185,50	253,50	254,00
4	Атырау облысы	185,80	186,00	253,75	254,00
5	Шығыс Қазақстан облысы	186,00	186,00	253,50	260,00
6	Алматы қаласы	185,65	185,00	253,50	253,00
7	Астана қаласы	186,00	186,00	253,50	254,00
8	Жамбыл облысы	186,00	186,00	253,20	254,00
9	Батыс Қазақстан облысы	185,85	186,00	253,20	253,50
10	Қарағанды облысы	186,00	186,00	253,50	255,00
11	Қостанай облысы	185,85	186,00	253,80	254,00
12	Қызылорда облысы	186,00	186,00	253,20	255,00
13	Маңғыстау облысы	185,80	185,50	253,75	254,00
14	Павлодар облысы	186,10	187,00	255,00	254,00
15	Солтүстік Қазақстан облысы	186,00	185,50	253,50	253,50
16	Оңтүстік Қазақстан облысы	185,65	185,00	253,60	253,00